Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 16

ЖЕР МОНИТОРИНГІН ЕНГІЗУ

Куанышова Ә.

Жер ресурстарын тиімді пайдалануға жер қорының сапалы және сандық жай-күйі мен оны пайдалануды бақылаудың және байқаудың тұрақты қолданыстағы жүйесінсіз, яғни жер мониторингін жүргізбестен қол жеткізу мүмкін емес.

Қолданыстағы заңнамалық актілерге және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес Қазақстан аумағында жер мониторингін жүргізуді ұйымдастыруды жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Жерге меншік нысандарына, нысаналы мақсатына, құқықтық режиміне, пайдалану сипаты мен мерзіміне қарамастан, республиканың бүкіл жер қоры жер мониторингінің объектісі болып табылады. Жер мониторингінің құрылымы нысаналы мақсатымен және аумақтық қамтумен айқындалады.

Жер мониторингінің мазмұны стационарлық пункттерде топырақ, геоботаникалық зерттеулер материалдары мен өзгерістерді анықтауға, оларға баға беруге және тиісті болжам қалыптастыруға мүмкіндік беретін басқа да материалдарды жүйелі байқауды құрайды.

Жер мониторингі міндеттерінің тізбесіне мыналар кіреді: жер қоры құрылымының және жердің жай-күйінің өзгерістерін уақтылы анықтау, оларды бағалау, теріс процестер әсерінің алдын алу және жою жөніндегі ұсынымдарды болжамдау және пысықтау; мемлекеттік жер кадастрын, ұтымды жер пайдалануды және жерге орналастыруды, жерді пайдалануды және қорғауды мемлекеттік бақылауды және жер ресурстарын мемлекеттік басқарудың өзге де функцияларын ақпараттық қамтамасыз ету.

Жер мониторингі процесінде мынадай функциялар орындалады: жер мониторингі жүйесіндегі сияқты жерге орналастырудың дәстүрлі қызметінде алынатын ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау; жедел мәліметтер, баяндамалар, есептер, ғылыми болжамдар мен ұсынымдар түрінде жердің жай-күйін бағалау нәтижелері бар шығыс өнімін оларға әсіресе теріс сипаттағы өзгерістердің даму серпіні мен бағытын сипаттайтын тақырыптық карталарды, кестелер мен диаграммаларды қоса бере отырып беру; жер ресурстарын басқару, барлық деңгейдегі экология және табиғатты пайдалану органдарын, сондай-ақ жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларды жердің жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Жетекшісі Н.К.Мұстафина